



**Аты-жөні:** *Ибраимова Ажар*

**Туған жылы:** *12.08.1999ж.*

**Жасы:** *17*

**Мекен-жайы:** *Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Әйтеке би 40*

**Мектебі:** *№6 Хромтау гимназиясы*

**Ұлты:** *қазақ*

**Қызығушылығы:** *көркем шығармаларды сүйіп оқу, көркем сөз оқу, сурет салу.*

**Сынып жетекшісі:** *Керимова Гүлжазира Есенбекқызы*

## **Елба**

Құрметті, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев! Өз елін, өзінің кіндік кескен туған жерін, ана сүтімен дарыған туған тілін сүймейтін адам жоқ. Менің туған елім – Тәуелсіз Қазақстан. Адам – қашанда еркіндікті, бостандықты аңсайды, тек аңсап қана қоймай, сол үшін әдіс-тәсіл іздейді, күреседі. Бостандық, еркіндік, тәуелсіздік – асыл арман. Оған жетудің жолы әрқилы. Негізгісі екеу. Бірі – күрес жолы, екіншісі - келісім жолы. Ал тәуелсіздікке қол жеткізген соң оны сақтап қалу, одан да қиын. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздық болмау керек. Ал, ол үшін халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат – мұрат керек. Алыс-жақын елдерде соғыс болып жатқанда, біздің аспанымыз ашық, өміріміздің бейбіт болғанына қуанамын! Сол бейбітшіліктің арқасында күліп-ойнап, еркін білім алып жүрген ерікті елдің қызының бірімін. Мен болашаққа нық сеніммен, үлкен үмітпен қараймын. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, жықпай ұстау, біздің қолымызда.

Тәуелсіздіктің алғашқы жетістігі – халқымыз өз таңдауымен ел Президентін сайлады. Оған үлкен сенім артты, міндет жүктелді. Мұның мәнін біз жақсы түсінеміз. Сіз еңбек жолыңызды металлург кәсібінен бастадыңыз. Сіздің өмірбаяныңыз – Қазақстанның барлық жастары үшін үлгі. Біз Қазақстанның әлемдік қоғамдастықта табысты және тұрақты дамуын жалғастырамыз және өзімізге жүктелген сенімді ақтаймыз. Елбасы – өмір еңбектің шытырман жолдарынан өткен, шыңдалған, болашақты көрегенділікпен саралап, болжай білетін азамат. Мемлекеттің болашағын бүгінгі жастарына қарап бағамдау ежелден бар тәсіл. Еліміздің ертеңгі иелері саналатын жастар, яғни біздер отансүйгіш, белсенді, білімді, бәсекеге қабілетті болсақ, мемлекетіміздің де келешегі кемел деген сөз. 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруді мақсат еткен Елбасы сіздің Жолдауыңызда да жастарға артылар жауапкершілік жүгі мол. Ар – намысты ту еткен Елбасы сіздің және үкімет басындағы ел үшін еңбек еткен

ағаларымыздың аянбай еңбек етуі осы нұрлы күндерге жеткізді. Сіздің жүргізіп отырған саясатыңыздың арқасында елімізді барша әлемге танылды.

Тәуелсіз, егеменді ел болғаннан бері, яғни 25 жыл уақыт ішінде елдің ел болуына, жалпы дүниежүзіне танылуына сіздің еңбегіңіздің мол екені анық. Себебі, біздің еліміз тәуелсіздік алған жылдары ешқандай экономикасы дамымаған, жан жақты білмейтін, бұрынғы Совет Одағының құрамында шағын республика есебінде болып келіп, ал қазір Тәуелсіз ел болып, әлемге танылып, әлемдегі тәуелсіз ел есебінде өзіндік орнын алған ел. Сонымен қатар, сіз үшінші мәрте жиырмадан астам мықты елдердің жиындарына қатысып жүрсіз. Бұның өзі қазақ елінің әлем елдерінің қатарынды өзіндік орны бар екендігін дәлелдейді.

Сіздің осындай елге жасаған игі істеріңізді өзіме үлгі етсем, ал көрегендігіңізбен атқарылып жатқан істеріңізді мақтан тұтамын.

Болашақта мен де сіздей халқыма қалаулы, еліме елеулі азамат болу үшін, алған білімімді тек қана еліме қызмет етуге арнаймын деп үлкен сенім білдіремін. Өйткені сіз жастарға өз еліміздің тізгінін зор сеніммен «Жарқын болашақ жастардікі» деп тапсырып отырсыз. Ал мен көкірегі ашық, көңілі ояу Тәуелсіз елімнің бір қарлығашы екенімді мойындай отырып, Елім, Отаным үшін еңбек етемін. Сыныпта өтіп жатқан әрбір тәрбие сағатымызда сынып жетекшіміз Керимова Гүлжазира Есенбекқызының сіздің елге жасап жатқан, ел үшін атқарылған әр ісіңізді мақтанышпен айтып, «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол» деп Абай атам айтқандай сіздей ұлы бар елдің маңдайының бес елі бағы бар екенін атап айтып отырады. Бұлай өткен әрбір тәрбие сағаты Тәуелсіз елімнің, көреген басшысының саясатына деген құрмет, білікті, білімді Елбасыма деген сүйіспеншілігімді, Отаныма деген патриоттық сезімімді оятпауы мүмкін емес дегім келеді.

Құрметті Елбасы, сізге мың алғыс! Біз сізбен мақтанамыз!

Сәлеммен, Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, №6 Хромтау гимназиясының 11-сынып білім алушысы, «Алтын белгі» үміткері **Ибраимова Ажар Маратқызы**. 12.12.2016 жыл.